

**Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжінің математика  
пәнінің оқытушысы Тулегенова М.К.  
аналитикалық есебі**

Мен, Тулегенова Майра Куанышовна 1999 жылы Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің математика пәнінің оқытушысы мамандығына оқуға түсіп, 2003 жылы осы аталған оқу орынды аяқтадым.

Жалпы жұмыс өтілі-15,4 ай

ХТКТЖК-де жұмыс өтілім – 12,7 ай

2008жылғы 8 тамыз айынан бастап Хромтау жоғары колледжінде жұмыс жасап келемін. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңгі өсіп келе жатқан жастарымыздың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақтықабілетті ұрпақ-ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Осы орайда колледжде жұмысыма тиянақты, ұқыпты қараймын. Колледжіміздегі барлық іс-шараларға белсене қатысамын. Колледждегі әріптестерімнің сабақтарына қатысып, үздіксіз білім беру курстарында алған білімдерімді өз әріптестеріммен бөлісемін. Заман талабына сай әр сабақты жаңаша жоспарлап отырамын. Сабақта топтық, жұптық, жеке, деңгейлік тапсырмалар ұйымдастырып отырамын. Білім алушылардың мамандықтарына қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақта мамандыққа байланысты есептер орындатамын. Сонымен қатар PISA есептерінде қолданамын. Деңгейлеп оқыту технологиясы сабақ өткізу барысында жұмыс жасаймын, әрбір білім алушы өзінің даму деңгейінде жұмыс жасайды, деңгейлеп оқыту әр білім алушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік беремін.

***Педагогикалық қызметтің негізгі мақсаттары:***

Білім алушыны оқыту, тәрбиелеу;

Оқу процесінің сапасын арттыру;

Өз қызыметінде білім алушылардың танымдық ойлауы мен тұлғалық сферасының әдістерін қолдану;

Жаңа педагогикалық технологиялардың түрлерін сабақ барысында қолдану

***Міндеттері:***

Оқытудың инновациялық технологияларын енгізу негізінде жалпы білім беру және жалпы техникалық пәндерді сапасын арттыру үшін ЦБР қолдану; Білім алушылардың зерттеу қызметін арттыру бойынша жұмыс.

Білім алушылардың шығармашылық дамуын және танымдық қызыметін жандандыру үшін қажетті жағдайлар жасау.

***Күтілетін нәтижелер:***

Оқыту үдерісіне қызығушылықты арттыру;

Білім алушылардың білім сапасын арттыру.

***Оқу-тәрбие қызметі***

Өз сабағымда М.М.Жанпейсованың модульдік оқыту технологиясын қолданып, білімді бағалаудың рейтингтік жүйесін және сабақтың құрылымын П.С. Гранкин тұжырымдамасына сәйкес қолданамын және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, сандық білім беру ресурстарын қолдану.

«Модульдік – құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру» тақырыбында 72 с., «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» «Математика» жалпы білім беру пәнінен колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 с., «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде оқыту нәтижелерін бағалаудың негізгі компоненттері» 72 с., «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» «Оқушылардың математикалық және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру 56 с. курстарын өтті.

Өз жұмысымда өзімнің кәсіби шеберлігімді үнемі жетілдіріп отырамын, әріптестерімнің сабақтарына қатысып, еліміздің оқытушыларының озық тәжірибелерін зерделеймін. Сонымен қатар әр түрлі халықаралық, республикалық, облыстық және аудан көлемінде өтіп жатқан жарыстарға қатысып Алғыс хат, Дипломдарға ие болдым. «Белсенді әдістерді қолдану арқылы күрделі есептерді шығару әдістері» атты әдістемелік құрал, «Математическая регата» атты электрондық орта Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибе орталығының баспа бөлімінде дайындалды. «Бірнеше айнымалысы бар көпмүшелер және олардың стандарт түрі» тақырыбында материал «Ақтөбе ұстаз» газетіне басылымға бердім.

#### ***Ғылыми-зерттеу қызметі.***

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына математика пәнінен баяндамаларын ұсынып, І дәрежелі Дипломмен Женсағалина Ж., Ахметкалиев А., Амангали А марапатталды. Тәуелсіздіктің 30-жылдығына орай студенттік ғылыми ізденіс нәтижелері «Талдау және мәселелер» ІІ Халықаралық ғылыми практикалық конференциясында жоғарғы деңгейде белсенділік танытқан үшін ІІІ дәрежелі Дипломмен Женсағалина Ж марапатталды. Мен үнемі білім алушыларды өз мамандықтарына қызығушылықтырын арттыру мақсатында жұмыс жасаймын.

#### ***Оқытушының кәсіби қызыметінің нәтижелігі.***

Сабақта ойластырылған ішкі логикасы, ғылыми көзқарас және оқылатын материалды баяндауда қолжетімділік оқуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Математика бойынша өткізетін бақылау нәтижесі: №102(2), 105 топ білім алушылардың білім үлгерімі 100%, білім сапасы 71%-дан 79%-ға дейін өсті.

#### ***Кәсіби шеберлікті арттыру.***

Педагог өз іс-әрекетінің нәтижелерін тек талдап немесе сынақ түрінде бағалап қана қоймай, алғыр ойларымен бөлісіп, өз шығармашылық деңгейін жүйелі түрде толықтыру үшін кәсіби, шығармашылық байқауларға белсене қатысып отырдым. Республикалық ұстаздар арасында «Математика пәнінен» ұйымдастырылған онлайн олимпиада да үздік нәтиже көрсеткені үшін І дәрежелі Дипломмен, Республикалық «Үздік педагог» қашықтық олимпиадасында біліктілік танытып І дәрежелі Диплом, Математика пәнінен оқытушылар арасында өткен облыстық пәндер олимпиадада ІІІ дәрежелі Дипломмен, ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «Мемлекеттік рәміздер-Ұлт мақтанышы» облыстық эссе байқауына қатысып ІІ дәрежелі Дипломмен марапатталдым.